



«ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

«Қазақ тілін оқытудағы функционалдық грамматика» біліктілікті арттыру курсының БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

ЖОБАСЫ

Жалпы сағаты: 80

Тыңдаушылар санаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері

Оның ішінде білім беру нысандары бойынша:

- Дәрістер: 26
- Практикалық жаттығулар: 18
- Өздік жұмыс: 26
- Курстан кейінгі қолдау: 5

Аттестаттау формасы:

- Өздік жұмысын қорғау: 5

Павлодар

2025

Білім беру бағдарламасы әзірлемесінің негізіндемесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 [бұйрығы](#) (2025 жылғы 2 мамырдағы өзгерістермен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы.

I Жалпы ережелер

Педагогтер біліктілікті арттыру курсының «Қазақ тілі пәнін оқытудағы функционалдық грамматика» білім беру бағдарламасы ҚР Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспонденті, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Зейнулина Айман Файзоллақызы және гуманитарлық ғылымдар магистрі Қожахметова Баянгүл Рамазанқызымен әзірленген.

Өзектілігі. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арналған. Бағдарлама тыңдаушылардың тіл біліміндегі функционалдық грамматиканы оқытудағы кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Қазақ тіліндегі грамматикалық құбылыстарды функционалдық тұрғыдан талдау, мәтін құрылымында грамматикалық бірліктердің қызметін анықтау, грамматикалық білімдерді оқыту үдерісінде тиімді қолдану әдістерін қарастыру. Тыңдаушылардың ғылыми-теориялық ойлауын жетілдіру, кәсіби тілдік білімін ғылыми негізде ұсыну қабілетін арттыру көзделеді. Функционалдық грамматика – оқушыны нақты тілдік жағдаятта дұрыс сөйлеуге, жазуға үйрететін тиімді құрал. Қазіргі оқу бағдарламалары дәстүрлі грамматиканы емес, коммуникативтік және функционалдық тілдік біліктерді дамытуды көздейді. Мұғалімдердің көпшілігі бұл бағытта жеткілікті даярлықтан өтпеген, сол себепті әдістемелік қолдау мен біліктілікті арттыру курсы қажет. Бағдарлама пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерту, оқыту сапасын көтеру болып табылады.

Бағдарлама төмендегі негізгі ережелер мен талаптар ескеріліп жасалған:

- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 [№ 98](#) бұйрығына сәйкес әзірленді.

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (03.15.2025 жаңартылған);

- «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚР Заңы (30.12.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ереженің 1-қосымшасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 тіркелген (01.01.2025 ж. жағдай бойынша);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (01.09.2023 ж. жаңартылған) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы мониторинг, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары;

II Глоссарий

Функционалдық грамматика Грамматикалық құрылымдар мен категориялардың сөйлеу барысында, мәтінде атқаратын қызметін, коммуникативтік мақсатын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Грамматикалық категория Тілдегі сөздер мен сөйлемдердің грамматикалық мағынасын білдіретін ортақ, жалпыланған ұғымдар (мысалы: рай, шақ, септік).

Мәтіндік қызмет Грамматикалық тұлғалардың мәтін ішінде белгілі бір мағына қалыптастырып, ақпарат жеткізу, байланыс орнату сияқты қызметтерді атқаруы.

Коммуникативтік мақсат Сөйлеушінің тыңдаушыға жеткізгісі келген ойы, мақсаты; тілдік құралдарды таңдау мен қолданудың негізгі себеп-салдары.

Қолданбалы грамматика Грамматикалық білімдерді практикалық мақсатта: оқыту, жазу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру сияқты салаларда қолдануды қарастыратын сала.

Тілдік норма Тілдік құралдарды дұрыс қолданудың қоғамдық келісілген және тілдік дәстүрге сәйкес қалыптасқан үлгісі.

Сөйлеу актісі Белгілі бір коммуникативтік мақсатпен жүзеге асатын нақты сөйлеу әрекеті; сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланыс бірлігі.

Ғылыми стиль Ақпаратты дәл, нақты және логикалық түрде беруді көздейтін, ғылыми еңбектер мен зерттеу мәтіндеріне тән тілдік стиль түрі.

Грамматикалық мағына – сөздің лексикалық мағынасының жалпылануынан және сөздің түрлі тұлғалар арқылы түрленуінің нәтижесінде немесе басқа сөздермен түрлі қарым-қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын сөздерді бір грамматикалық топқа біріктіруге негіз болатын мағына.

Қимылдың өту сипаты категориясы - іс-әрекеттің уақыт бойындағы ішкі өту ағымын сипаттайтын категория.

Лексика-семантикалық өріс - ортақ мағына негізінде топтасатын лексемалар жиынтығы.

Потенциалды функция – тіл бірліктерінің тілдік жүйедегі белгілі бір семантикалық қызметті орындау қабілеті және соған сәйкес жұмсалымдық қоры.

Ұғым – болмыстағы заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерінің адам санасындағы бейнесі.

Ұғымдық категория – жекелеген сөздер мен олардың тұлғалар (форма) жүйесіне емес, тілде әр түрлі құралдармен берілетін сөздердің тобына тән жалпы сипаттағы мағыналы компоненттер.

Ұғымдық категорияның тілдік семантикалық интерпретациясы - ұғымдық категорияның семантикалық функцияға өтуі.

III Бағдарлама тақырыптары

- 1) Функционалды грамматиканың түсінігі мен принциптері
- 2) Функционалдық аспектідегі грамматикалық категориялар
- 3) Сөйлеуді мәтіндік ұйымдастыру: грамматикалық байланыс

- 4) Грамматикалық оқытудың коммуникативті бағыты
- 5) Сөйлеудегі грамматикалық формалардың функциялары
- 6) Синтаксистік құрылымдар және олардың коммуникациядағы рөлі
- 7) Сөйлеу мақсаттарын жүзеге асырудағы морфологиялық құралдар
- 8) Білім алушылардың функционалдық сөйлеу құзыреттілігін дамыту

IV Бағдарламаны іске асырудың мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Тыңдаушылардың қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын функционалдық тұрғыдан түсіну және қолдану дағдыларын дамыту, грамматикалық бірліктердің мәтіндегі қызметін меңгерту, тілдік құбылыстарды оқыту процесінде тиімді қолдану біліктілігін арттыру арқылы олардың кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру.

Міндеттері:

- Қазақ тілінің функционалдық грамматикасының негізгі ұғымдары мен теориялық негіздерін меңгерту.
- Грамматикалық категориялардың мәтіндегі коммуникативтік қызметін түсіндіру.
- Қазақ тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымдарын функционалдық тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастыру.
- Оқытудың коммуникативтік әдістері арқылы грамматикалық құбылыстарды меңгерту тәсілдерін үйрету.
- Тілдік бірліктердің қолдану ерекшеліктерін ғылыми және практикалық тұрғыда талдай білу қабілетін дамыту.
- Мәтін құрылымында грамматикалық құралдардың байланысын анықтау және оны оқыту тәжірибесіне енгізу жолдарын көрсету.
- Қазақ тілін оқытуда функционалдық грамматиканы қолдану арқылы студенттердің сөйлеу мәдениетін және жазба тілін дамыту әдістерін үйрету.

Күтілетін нәтижелер

- Тыңдаушылар қазақ тілінің функционалдық грамматикасының теориялық негіздерін меңгереді.
- Мәтіндегі грамматикалық бірліктердің қызметін анықтап, оларды талдай білу дағдысын қалыптастырады.
- Тілдік бірліктерді мәтін мазмұны мен коммуникативтік мақсатына сай қолдану біліктілігін дамытады.
- Қазақ тілін оқыту барысында функционалдық грамматиканы тиімді интеграциялау әдістерін меңгереді.
- Морфологиялық және синтаксистік құрылымдарды функционалдық тұрғыдан талдау тәжірибесін жетілдіреді.
- Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың сөйлеу және жазба тілін дамыту үшін грамматикалық құралдарды мақсатты пайдалану жолдарын игереді.

- Ғылыми зерттеу жұмыстарында грамматикалық құбылыстарды функционалдық тұрғыда сипаттай алады.

- Тілдік материалды талдау, жинақтау және қолдану арқылы өз кәсіби құзыреттілігін арттырады.

V Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Тақырып	Офлайн (сағ)	Онлайн (сағ)	СӨЖ (сағ)	Барлығы
1	Функционалды грамматиканың түсінігі мен принциптері	3	3	4	10
	Функционалдық аспектідегі грамматикалық категориялар	3	3	4	10
2	Сөйлеуді мәтіндік ұйымдастыру: грамматикалық байланыстар	4	2	4	10
	Грамматикалық оқытудың коммуникативті бағыты	4	1	4	9
3	Сөйлеудегі грамматикалық формалардың функциялары	2	1	4	7
	Синтаксистік құрылымдар және олардың коммуникациядағы рөлі	2	1	4	7
4	Сөйлеу мақсаттарын жүзеге асырудағы морфологиялық құралдар	2	1	4	7
5	Білім алушылардың функционалдық сөйлеу құзыреттіліктері	3	3	4	10
	Қорытынды сабақта «Қазақ тілін оқытудағы функционалдық грамматика» тақырыбына презентация (таныстырылым) әзірлеу, қорғау	3	3	4	10
	Барлығы	26	18	36	80

VI Білім беру процесін ұйымдастыру

1-апта. Функционалдық грамматиканың теориялық негіздері (20)

1-тақырып. Функционалдық грамматиканың мазмұны мен міндеттері – 8 сағ.

2-тақырып. Функционалдық және дәстүрлі грамматиканың айырмашылықтары – 9 сағ.

Мақсаты: Функционалдық грамматиканың негізгі ұғымдарын меңгерту және оның қазақ тіліндегі қолданыс ерекшеліктерін түсіндіру.

2-апта. Морфологиялық құрылымдардың функционалдық қызметі (19)

3 – тақырып. Сөз таптарының мәтіндегі қызметі – 10 сағ.

4 – тақырып. Морфологиялық категориялардың коммуникативтік қолданысы – 9 сағ.

Мақсаты: Морфологиялық құралдардың мәтіндегі рөлін танып, оқыту процесінде қолдану әдістерін дамыту.

3-апта. Синтаксистік құрылымдардың функционалдық сипаты (14)

5 – тақырып. Сөйлем түрлері және олардың мәтіндегі қызметі – 7 сағ.

- 6 – тақырып. Құрмалас сөйлемдердің мәтіндік байланыс құралы ретінде қолданылуы. Когезия (cohesion) мен когеренттілік (coherence) ұғымдары – 7 сағ.

Мақсаты: Синтаксистік құрылымдарды функционалдық тұрғыдан талдау және оқытуда тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

4-апта. Мәтін құрылымындағы грамматикалық құралдар (7)

7 – тақырып. Мәтіндегі байланыс құралдары (жалғаулықтар, шылаулар, есімдіктер) – 4 сағ.

8 – тақырып. Ақпараттық құрылым және грамматикалық тәсілдер – 3 сағ.

Мақсаты: Мәтіндегі грамматикалық байланыс құралдарының қызметін анықтау және оларды тіл үйретуде қолдану тәсілдерін меңгеру.

5-апта. Қазақ тілін оқытуда функционалдық грамматиканы қолдану әдістері (10)

9 – тақырып. Коммуникативтік тапсырмалар арқылы грамматикалық білім беру – 5 сағ.

10 – тақырып. Функционалдық грамматиканы оқытудағы заманауи әдістер мен технологиялар – 5 сағ.

Мақсаты: Функционалдық грамматиканы оқытуда заманауи әдістемелерді қолдана білу және практикалық тапсырмалар әзірлеу қабілетін дамыту.

Қорытынды сабақ

Портфолионы қорғау – 10 сағат

VII Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Курсты тиімді игеру мақсатында «Қазақ тілі пәнін оқытудағы функционалдық грамматика» бағдарламасы теориялық, практикалық және көмекші материалдармен, оқу-әдістемелік кешенімен қамтылған.

1. Глоссарий

Глоссарийде функционалдық грамматика саласына қатысты негізгі ұғымдар мен терминдердің мазмұны ашылған. Онда грамматикалық құрылымдардың мәтіндегі қызметі, сөйлеу актілері, тілдік норма мен ғылыми стиль секілді маңызды түсініктер берілген.

2. Дәріс кешені

- Курстың әр тақырыбы бойынша егжей-тегжейлі зерттеу материалдары.
- грамматикалық құрылымдардың сөйлеу үдерісіндегі қызметін, яғни олардың мәтіндегі мағына қалыптастыру, байланыс орнату және ақпарат жеткізу сияқты коммуникативтік міндеттерін талдау.
- Грамматикалық категориялар мәтінде ақпараттың берілу тәртібіне, стильдік ерекшеліктерге және коммуникативтік мақсатқа сай әртүрлі қызмет атқаруын орыс тілімен салыстыру арқылы зерделеу.

3. Таныстырылым материалдары

- Ғылыми стиль және нақты мысалдар. Күрделі теорияны жеңіл тілмен, бірақ ғылыми стильде түсіндіріп, мектеп, жоо бағдарламасынан алынған нақты сөйлемдер арқылы көрсету.
- Құрылымды слайдтар. Әр слайд бір негізгі ойды қамтып, артық мәтінсіз, кесте, схема немесе мысалмен берілгену.
- Практикалық бағыт. Таныстырылымда мұғалім сабақта бірден қолдана алатын әдістер, жаттығулар немесе тәсілдер болуы керек.

4. Өзін-өзі зерделеуге арналған практикалық тапсырмалар

- **Мәтінді талдау** Мәтін бойынша функционалдық қызмет атқаратын грамматикалық құрылымдарды анықтау. Олардың мәтіндегі мағынасын және атқарып тұрған рөлін түсіндіру.
- **Сөйлемді түрлендіру** Сөйлемдерді стильдік мақсатқа сай түрлендіру (мысалы, ресми стильден бейресмиге, не ғылымиға). Өзгеріс енгізілген грамматикалық формалар мен олардың мәтіндік қызметін сипаттау.
- **Коммуникативтік мақсатты анықтау** Саяси, публицистикалық немесе ғылыми мәтіннен сөйлем таңдап, автордың коммуникативтік мақсатын анықтау. Сол мақсатқа жету үшін қолданылған грамматикалық құралдарды талдау.
- **Оқу-жаттығу үлгісін жасау** Функционалдық грамматиканы мектеп оқушыларына, жоо студенттеріне үйретуге арналған қысқа тапсырма құрастыру (мысалы, сөйлемдердегі рай категориясының қызметін табу). Қай жастағы оқушыларға бағытталғанын және оның қандай білімді дамытуға көмектесетінін түсіндіру.

5. Практикалық тапсырмаларды орындауға арналған әдіснамалық материалдар

- Мәтін негізінде грамматикалық құрылымдарды анықтау кестесі

Мақсаты: мәтіндегі грамматикалық тұлғалардың қызметін тану.

Сөйлем үзіндісі	Грамматикалық құрылым	Қызметі (мәтіндік/коммуникативтік)
Ол мектепке кешігіп келді.	Шақ (кешігіп келді)	Оқиғаның нақты уақытын көрсету
Егер ол дайындалса...	Шартты рай	Мүмкіндік білдіру, шарт қою
Біз талқылау жүргіздік.	Көптік/етістік формасы	Ұжымдық әрекетті білдіру, ресми стиль

Қолдануы: сөйлемдерден грамматикалық тұлғаны анықтап, оның мәтіндегі қызметін сипаттау.

- **Функционалдық талдауға арналған алгоритм**

Мақсаты: сөйлем немесе мәтін ішіндегі грамматикалық құралдардың коммуникативтік маңызын жүйелі түрде талдау.

Қадамдар:

1. Мәтінді мұқият оқыңыз.
2. Қай грамматикалық құрылымдар (шақ, рай, септік, көсемше, есімше) қолданылғанын белгілеңіз.
3. Әр құрылымның сөйлеуші мақсатына сай қалай қызмет атқарып тұрғанын анықтаңыз.
4. Құрылымдардың стильдік ерекшеліктермен байланысын көрсетіңіз.

Қолдануы: мәтінге талдау жасап, грамматикалық тұлғалардың мәтін ішінде қандай ақпараттық немесе прагматикалық рөл атқарғанын сипаттау.

- **Практикалық жаттығу үлгісі**

Тапсырма: Келесі сөйлемдерді функционалдық қызметіне қарай топтастырыңыз (мысалы, себеп-салдар білдіру, мақсатты айту, шарт қою, ой бөлісу, т.б.)

Сөйлемдер үлгісі:

- Егер ол келсе, біз жиналысты бастаймыз.
- Бүгінгі тақырып – функционалдық грамматиканың мәні.
- Олар бұл мәселені егжей-тегжейлі зерттеді.
- Жазда оқушылар демалады.

Жауап үлгісі:

- **Шарт қою:** Егер ол келсе...
- **Мақсат/тақырып ашу:** Бүгінгі тақырып...
- **Іс-әрекет нақтылау:** Олар зерттеді...
- **Факт хабарлау:** Оқушылар демалады...

6. Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет: грамматикалық категориялардың мәтіндегі коммуникативтік қызметі, олардың сөйлеудегі мағына қалыптастырудағы рөлінің талдауына, мәтін ішіндегі сөйлеу жағдаятына бейімделуін сипаттауына арналған.

Көмекші әдебиеттер:

- грамматикалық тақырыптар сөйлеу әрекетіне сай топтастырылған, мұғалімдерге арналған практикалық бағыттағы нұсқаулық.
- тіл үйренушілер мен мұғалімдерге арналған интерактивті ресурстар тізімі

Курстың қысқаша мазмұны

Бұл біліктілікті арттыру курсы қазақ тілінің функционалдық грамматикасын меңгеру арқылы мұғалімдердің кәсіби тілдік және әдістемелік құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Дәріс жоспарлары

Тақырып 1: Функционалдық грамматиканың теориялық негіздері

1. Функционалдық грамматика ұғымы және зерттеу нысаны.
2. Функционалдық грамматиканың құрылымдық және коммуникативтік аспектілері.
3. Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыттың қалыптасу кезеңдері.

Тақырып 2: Грамматикалық категориялар мен олардың мәтіндік қызметі

1. Рай, шақ, септік, етіс, көптік сияқты категориялардың функционалдық қызметі.
2. Сөйлемдегі грамматикалық формалар мен олардың прагматикалық рөлі.
3. Мәтіндегі грамматикалық құрылымдардың ақпарат жеткізу және байланыс орнатудағы қызметі.

Тақырып 3: Функционалдық грамматиканы оқыту әдістемесі

1. Функционалдық грамматиканы оқытудың мақсаттары мен міндеттері.
2. Коммуникативтік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар құрастыру.
3. Білім алушылардың тілдік құзыретін арттыруға бағытталған әдістер.
4. Когезия (cohesion) мен когеренттілік (coherence) ұғымдары.

Тақырып 4: Грамматикалық құрылымдарды қолдану ерекшеліктері

1. Мәтін типтеріне байланысты грамматикалық формалардың түрленуі.
2. Сөйлеу жағдаятына сай грамматикалық құрылымдарды таңдаудың маңызы.
3. Сөйлеу актілері мен тілдік нормалар арасындағы байланыс.

Тақырып 5: Практикалық қолдану және бағалау тәсілдері

1. Функционалдық грамматиканы оқытуда бағалау критерийлері.
2. Оқу процесінде жобалық және шығармашылық тапсырмаларды қолдану.
3. Мұғалімнің кәсіби дамуына әсері мен рефлексия жүргізу жолдары.

Өзін-өзі зерделеуге арналған практикалық тапсырмалар

Тақырып 1: Функционалдық грамматиканың теориялық негіздері

Тапсырмалар:

«Функционалдық грамматика» ұғымына өз түсінігіңізді беріп, оны дәстүрлі грамматикамен салыстырыңыз.

Қазақ тіліндегі функционалдық тәсіл бойынша грамматикалық категориялардың кемінде үшеуін сипаттап, әрқайсысына мысал келтіріңіз.

Тақырып 2: Грамматикалық категориялар мен олардың мәтіндік қызметі

Тапсырмалар:

Көркем немесе публицистикалық мәтіннен бір үзінді таңдап, ондағы грамматикалық категориялардың мәтіндік қызметін анықтаңыз (мысалы, рай, шақ, септік).

Мәтіндегі сөйлемдердің құрылымын сипаттап, олардың ақпарат жеткізу, әсер ету немесе қарым-қатынас құрудағы рөлін талдаңыз.

Тақырып 3: Функционалдық грамматиканы оқыту әдістемесі

Тапсырмалар:

Қазақ тілі сабағында грамматикалық категорияларды функционалдық тәсілмен түсіндіруге арналған тапсырма үлгісін құрастырыңыз.

Коммуникативтік жағдаятқа негізделген жаттығу немесе диалог үлгісін дайындаңыз.

Тақырып 4: Грамматикалық құрылымдарды қолдану ерекшеліктері

Тапсырмалар:

Түрлі мәтін типтеріне (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) арналған сөйлемдер жазып, ондағы грамматикалық формалардың қызметін түсіндіріңіз.

Бір сөйлемді әртүрлі грамматикалық тәсілдермен құрап көріңіз де, олардың мағынасы мен прагматикалық рөлін салыстырыңыз.

Тақырып 5: Практикалық қолдану және бағалау тәсілдері

Тапсырмалар:

Қысқа мәтін жазып, оның ішінде қолданылған грамматикалық құрылымдарды белгілеп, оларды бағалау критерийлері бойынша талдаңыз.

Шешендік сөйлеу немесе ғылыми стильде жазылған үзіндіге функционалдық талдау жүргізіп, қандай тілдік құралдар қолданылғанын анықтаңыз.

VIII Оқу нәтижелерін бағалау

1. Бағдарлама шеңберіндегі білімді және бақылау нысанын бағалау оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүзеге асырылады.
2. Оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бағалаудың екі аспектілерін біріктіреді: оқытуды бағалау (қалыптастырушы бағалау) және оқытуды бағалау (жиынтық бағалау).
3. Бағдарламаның мазмұны екі түйінді критерий негізінде бағалауды көздейді: 1) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін білу және түсіну; 2)

қалыптасқан кәсіптік құзыреттерді педагогикалық қызметте практикалық қолдану.

4. Біліктілігін арттыру курсының барысында және оны аяқтағаннан кейін білім алушылардың білімін формативті бағалау және жиынтық бағалау жүргізіледі.
5. Оқытылатын тақырыптар бойынша біліктілікті арттыру курсы аяқталғаннан кейін білім алушы жобаны жеке немесе топта қорғайды.
6. Білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін бағалау шкаласы мен Бағдарламаның мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.
7. Тапсырмалар, іске асыру бойынша ұсынымдар, орындаушылық үлгілері, өзін-өзі сараптау стандарттары, тапсырмаларды бағалау критерийлері біліктілікті арттыру бойынша білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне енгізіледі.
8. Тапсырмаларды орындау кезінде білім алушыларға топтық түрде және жеке сауалдар бойынша кеңестер беріледі.
9. Оқытушы кестеге сәйкес оқушылардың тапсырмаларды орындауын қадағалайды, жетілдіру орындары мен жолдарын көрсете отырып, егжей-тегжейлі кері байланысты қамтамасыз етеді.
10. Әрбір тапсырмада не тексеру және өзін-өзі тексеру үшін орындау стандарты, не бағалау критерийлері болады. Бағалау критерийі Кестеде көрсетілген.

Кесте Бағалау критерийлері

Тақырып мазмұны		Өткен материалды бағалау критерийлері
1.	Функционалды грамматиканың түсінігі мен принциптері	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Функционалды грамматика ұғымын, оның дәстүрлі грамматикалардан айырмашылығын; • Функционалды грамматиканың негізгі қағидаларын (контекстілік, қызметтік мағына, сөйлеу жағдаяты т.б.); • Қазіргі қазақ тіл біліміндегі функционалды грамматиканың даму бағыттарын. <p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сөйлеу жағдаятына сай грамматикалық формаларды іріктеп қолдану; • Функционалдық тәсілмен грамматикалық құбылыстарды түсіндіру және мысалдармен дәлелдеу; • Сабақта функционалдық грамматика элементтерін енгізу.
2.	Функционалдық аспектідегі грамматикалық категориялар	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Уақыты, рай, жақ, септік, көптік, шақ, етіс т.б. категориялардың функционалдық қызметі; • Бұл категориялардың сөйлеу мақсатына, мағынасына әсер ету жолдары.

		<p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Грамматикалық категорияларды сөйлеу актісінде қолданудың жолдарын талдау; • Коммуникативтік тапсырмаларда категорияларды орынды қолдана білу; • Мәтіндер арқылы грамматикалық мағынаны функционалдық тұрғыдан түсіндіру.
3.	Сөйлеуді мәтіндік ұйымдастыру: грамматикалық байланыстар	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтіннің ішкі байланысын қамтамасыз ететін грамматикалық құралдарды (қайталау, сілтеу, жалғаулықтар т.б.); • Когезия (cohesion) мен когеренттілік (coherence) ұғымдарын. <p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтін ішіндегі грамматикалық байланыстарды талдау; • Тіл үйренушілерге байланыстырушы құралдарды меңгертудің әдістерін қолдану; • Мәтін құрылымын грамматикалық тұрғыдан ұйымдастыру.
4.	Грамматикалық оқытудың коммуникативті бағыты	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Коммуникативтік тіл үйретудің әдістемелік негіздерін; • Грамматикалық білімнің сөйлесім әрекетіне бағытталуы қажеттігін; • Коммуникативтік тапсырмалар арқылы грамматиканы оқытудың жолдарын. <p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Коммуникативтік тапсырмалар құрастыру және қолдану; • Тілдік мақсаттарды грамматикалық құрылымдармен ұштастырып оқыту; • Оқушылардың қатысымдық әрекетіне негізделген сабақ өткізу.
5.	Сөйлеудегі грамматикалық формалардың функциялары	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Грамматикалық формалардың сөйлеу тілінде атқаратын прагматикалық қызметтерін (мысалы, бұйрық райдың сыпайылық білдіруі); • Бір форма арқылы әртүрлі қызметті жеткізу мүмкіндігін (полифункционалдылық). <p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Грамматикалық формалардың контекске байланысты мағынасын анықтау; • Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін нақты формаларды тиімді таңдау; • Функционалдық жағынан грамматиканы түсіндіру әдістерін қолдану.

6.	Синтаксистік құрылымдар және олардың коммуникациядағы рөлі	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Түрлі синтаксистік құрылымдардың (жай сөйлем, күрделі сөйлем, құрмалас сөйлем) коммуникативтік қызметі; • Сөйлемнің құрылымы мен сөйлеу мақсаты арасындағы байланыс. <p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сөйлеу жағдайына сай синтаксистік үлгілерді таңдай білу; • Мәтін ішіндегі синтаксистік өзгерістерді (инверсия, эллипсис т.б.) түсіндіру; • Сабақта синтаксистік құрылымдарды сөйлесім әрекетіне негіздеп үйрету.
7.	Сөйлеу мақсаттарын жүзеге асырудағы морфологиялық құралдар	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Морфологиялық формалардың (қосымшалар, жұрнақтар) сөйлеу мақсатына қызмет етуін; • Лексика-грамматикалық құралдардың сөйлеу мазмұнына әсерін. <p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Морфологиялық формаларды сөйлеу мақсатына байланысты талдай білу; • Морфологияны практикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қолдану; • Тілдік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар арқылы морфологиялық формаларды меңгерту.
8.	Білім алушылардың функционалдық сөйлеу құзыреттіліктері	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Функционалдық сөйлеу құзыреттілігінің компоненттерін (тілдік, прагматикалық, әлеуметтік т.б.); • Оқушылардың грамматикалық білімін сөйлеу әрекетімен ұштастыру жолдарын. <p>Құзыреті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың функционалдық құзыретін бағалай білу; • Сөйлеу, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттеріне бағытталған тапсырмалар дайындау; • Оқытудың нәтижесін сөйлеу өнімдері арқылы саралау.

IX Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін педагогтың қызметін сүйемелдеу аясында келесі жұмыс түрлері жүзеге асырылады: тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеушілік және рефлексиялық қызметінде әдістемелік және кеңестік көмек көрсету; педагогикалық және зерттеушілік қызмет нәтижелерін жариялауға дайындау барысында кеңестік көмек беру; педагогтердің кәсіби қауымдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, соның ішінде

тәжірибе алмасуға арналған іс-шараларды (байқаулар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

ҚР БҒМ 2020 жылғы 9 сәуірдегі №137 бұйрығына сәйкес бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ посткурстық сүйемелдеу ережелері» негізінде посткурстық сүйемелдеу төмендегідей жүйелі іс-әрекеттерді қамтиды:

- анкета жүргізу;
- педагогтің кәсіби сұранысын анықтау мақсатында мониторинг жүргізу;
- вебинарлар, онлайн-консультациялар өткізу;
- курс барысында алған білімдерін практикада қолдануына көмектесу, кері байланыс орнату;

- конференцияларға, семинарларға, баспа басылымдарға қатысуын қамтамасыз ету;

- педагогтің ғылыми-әдістемелік белсенділігін арттыру;

Курс өткеннен кейінгі қолдау көрсету міндеттері

- біліктілікті арттыру бағдарламасын педагогтердің қатысуымен жетілдіру
- практик мұғалімдердің тәжірибесі мен ұсыныстарын ескере отырып, курстар мазмұнын жаңарту.

- біліктілікті арттыру курстарынан кейін мұғалімнің кәсіби дамуын жалғастыру;

- шеберлік сыныбын/ вебинарлар/семинарлар/ дөңгелек үстелдер өткізу

Осындай өзара іс әрекеттер мұғалімдердің тәжірибе барысында кездесетін кәсіби қиындықтарын өткеруге көмектесіп, игерген теориялық және практикалық материалды педагогикалық қызметте қолдануда қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

X Негізгі және қосымша әдебиеттер тізбесі

Негізгі

1. «Функционалды грамматика: ізденіс және даму болашағы» Республикалық ғылыми дөңгелек үстел жинағы 10 қазан 2024 ж

2. Проблемы функциональной грамматики. Отношение к говорящему в семантике грамматических категорий: Коллективная монография Бондарко Александр Владимирович, Циммерлинг Антон Владимирович, Воейкова Мария Дмитриевна. - ИД ЯСК, 2021. – 488 с.

3. Функциональная грамматика: теория и практика : сб. науч ных статей по итогам Всероссийской с международным участием научно-практической конференции, посвященной 70-летию со дня рождения доктора филологических наук, профессора Л. Н. Оркиной / отв. ред. А. Д. Ахвандерова, О. А. Дмитриева, З. Н. Якушкина. – Чебоксары : Чуваш. гос. пед. ун-т, 2021. – 664 с.

4. Әлкебаева, Д. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы [Мәтін] : Оқу-әдістемелік бірлестігі оқулық ретінде ұсынған / Д. Әлкебаева. – Алматы : Қазақ университеті, 2019. – 200 б.

5. Жолшаева М.С. Ж 69 Қазақ тілі: функционалды грамматика Оқу құралы. / М.С. Жолшаева. – Алматы: 2016

6. Сәрсекке Г. Қазақ тілінің функциональды грамматикасы. Ғылыми зерттеулер жинағы. Павлодар: ПМПИ баспасы, 2011. - 187 бет

7. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка // РАН Институт лингвистических исследований. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 736 с.

8. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.

9. Жолшаева М. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы, СДУ, 2011. –192-245 бб.

10. Маманов И.Е. Вспомогательные глаголы в казахском языке. Алматы, 1949. – 97 с.

11. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

12. Бибекөв Қ.Т. Қимылдың соңғы кезеңінің көрсеткіштері мен қолданыстағы мағыналық ерекшеліктері: филол. ғылым. канд. ... авторефер. – Астана, 2003. – 30 б.

13. Маралбаева С. М. Семантика процессности действия и способы ее выражения в казахском языке: автореф. ... канд. филолог. наук. – Алма-Ата, 1991. – 19 с.

14. Мұқамади Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары: филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 27 б.

15. Шарапиденова А.Т. Начинательность в системе аспектуальности казахского и русского языков: автореф. канд. ... филолог. наук. – Алма-Ата, 1993. – 22 с.

Қосымша

13. Жаңабекөва А. Темпоралдық категориясының бастау ұғымдары // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. Ғылыми жинақ. – Алматы: Кие, 2007. – 291-316 бб.

14. Панова Г.И. О содержательных типах повторяемости действия в русском языке // В сб.: Функциональный анализ грамматических единиц. – Л., 1980. – С. 41-52.

15. Всеволодова М.В. Теория функционально-коммуникативного синтаксиса. – М.: Изд. МГУ. – 2000. – 502 с.

16. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. М.: Наука, 1965. –275 с. –

17. Ф. де Соссюр. Курсы общей лингвистики //Труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1977. – 696 с.

18. Теория функциональной грамматики. Темпоральность. Модальность. – Л.: Наука, 1990. – 262 с.

19. Теория функциональной грамматики. Персональность. Залоговость. СПб., 1991. – 270 с.